

Қарағанды облысы әкімдігінің 2010 жылғы 16 сәуірдегі № 11/03 "Қарағанды облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің Мемлекеттік тізімін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс және толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 5 қарашадағы № 64/07 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 10 желтоқсанда № 3549 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 2020 жылғы 17 қарашадағы № 73/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 17.11.2020 № 73 /01 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І** :

Қарағанды облысы әкімдігінің 2010 жылғы 16 сәуірдегі **№ 11/03** "Қарағанды облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің Мемлекеттік тізімін бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1879 болып тіркелген, 2010 жылғы 10 маусымдағы № 89-92 (20876) "Орталық Қазақстан" және 2010 жылғы 10 маусымдағы № 64-65 (20927-20928) "Индустриальная Караганда" газеттерінде жарияланған) келесі өзгеріс және толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қарағанды облысының жергілікті маңызы бар тарих-мәдени ескерткіштерінің Мемлекеттік тізімінде:

"Шахтинск қаласы" деген бөлімде 1322 нөмірлі жол алынып тасталсын;

"Абай ауданы" деген бөлім мынадай мазмұндағы 36-1 нөмірлі жолмен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Мамочкино – қала құрылысы – Жартас кенті".

"Қарағанды облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын .

Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік жасайтын **о р ы н б а с а р ы н а** жүктелсін .

"Қарағанды облысы әкімдігінің 2010 жылғы 16 сәуірдегі № 11/03 "Қарағанды облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің Мемлекеттік тізімін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс және толықтыру енгізу туралы" Қарағанды облысы әкімдігінің қаулысы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қарағанды облысының
Әкімі*

Н. Әбдібеков

Келісілді

*Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрі
А. Мұхамедіұлы*

2015 жыл 18 қараша